БЕКІТЕМІН
«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі:.....Г.Жанибекова
2021 жыл «....»..... »

«Педагог айнасы»

Педагогтармен жүргізілген психологиялық тренинг

Орындаған: Р.Ходжакулова

2021– 2022 оқу жылы.

Мақсаты: педагогтардың психикалық көңіл – күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, ұжымдық сыйластық қарым – қатынас орнату.

«Ерке есім» жаттығуы.

Біз сіздердің аты – жөндеріңізді білеміз, бірақ бала күні ата – ана, туған –туыс, достарыңыз қалай еркелетіндігін білмейміз. Сол себепті,естеріңізге түсіріп, сол есімдерді айтамыз.

«Ара» жаттығуы.

Қатысушылар шеңбер құрып тұрады, қолды бір рет шапалақтаған кезде көздерн жұмып аралар сияқты ызылдап жүреді,екі рет қол соққан кезде шеңбер жасауға тырысады. Осылайша ойын жалғасады.

«Ашулы шарлар»

Қатысушылар ортаға шығады, әр қатысушыға шар берледі. Сол шарды үріп болған соң біртіндеп жару ұсынылады. Мұнда шар – адам денесі болса, шарды жару - адам ішіндегі сезім. Әр қатысушы шарды жару арқылы өз ашуын қалай шығаратындығы анықталып, сол жерде ақыл-кенестер айтылады..

«Еңбек ағашы»

Қатысушы педагогтарға үш түрлі қағаз берлед. Сол қағазға өз ойларыңызды жазып әр қайсысын өз орнына жапсырасыздар.

1 Бұталарға - педагог қандай болуы керек?

2.Жапырақтарға – педагогтың түпкі мақсат мұраты.

3. Гүлдерге – педагог еңбегінің нәтижесі.

4. Жемістер - шәкірт, тәрбиеленуші қалай болу керектігін жазады.

Қорытынды.

«Жүректен жүрекке» жаттығуы.

Бүгінгі тренингтен алған әсерлерімен бөліседі, бір – біріне тілектерін айтады.